



010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Министрліктер үйі,
Мәңгілік ел даңғылы, 8 үй, 14 - кіреберіс
тел.: 8 (7172) 74-13-12
e-mail: k.kense@qogam.gov.kz

010000, город Нур-Султан, Дом Министерств
проспект Мәңгілік Ел, 8, 14 подъезд
тел.: 8 (7172) 74-13-12
e-mail: k.kense@qogam.gov.kz

№ _____

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісі
ҚХП-ның фракциясы**

*Сіздің 2022 жылғы 2 наурыздағы
№ ДЗ-72 хатыңызға*

Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Сіздер жолдаған депутаттық сауалды қарап, өз құзыреті шегінде мынаны хабарлайды.

Қоғамдық кеңестер бойынша. Қоғамдық кеңестер республикада 2016 жылдан бастап мемлекет пен қоғамның өзара іс-қимыл институты ретінде жұмыс істейді, олар мемлекеттік органдар өкілдіктерінің (30% - дан аспайтын) және азаматтық сектордың (кемінде 70%) пропорционалды арақатынасынан тұрады.

Осы кезеңде қоғамдық кеңестер жыл сайын 200-ден астам әртүрлі деңгейдегі әкімнің, 20 орталық және 200-ге жуық жергілікті мемлекеттік орган басшыларының есептерін тыңдады. Тиісті саланың немесе өңірдің қоғамдық маңызды мәселелерін қарауға 1000-нан астам қоғамдық мониторинг жүргізілді.

Қоғамдық кеңестердің қоғамдық тыңдауларында 3000-ға жуық сумен жабдықтау, ТКШ, медицина, білім беру, әлеуметтік сала мәселелері талқыланды. Қоғамдық кеңес мүшелері 20 мыңнан астам нормативтік құқықтық актінің жобасын қарады.

Сонымен қатар, алты жылдық қызмет қорытындысының оң нәтижелеріне қарамастан, қоғамдық кеңестердің жұмысына жасалған талдау қоғамдық кеңестердің мемлекеттік шешімдер қабылдау кезінде қоғамдық бақылау мен халықтың пікірін ескерудің тиімді құралы бола алмағанын көрсетеді.

Қоғамдық кеңестердің қызметі, сондай-ақ олардың сапалық құрамы азаматтар арасында жиі наразылық тудырады, қоғамдық кеңестердің жұмысы формалды сипатқа ие, бұл олардың тиімсіздігін және ашық болмауын көрсетеді.

Халықтың қоғамдық кеңестер қызметіне деген сенімін арттыру мақсатында қазіргі уақытта Министрлік олардың қызметін жақсарту бойынша қажетті шаралар қабылдауда.

Қоғамдық кеңестердің екінші құрамының өкілеттік мерзімінің аяқталуына байланысты Министрлік қоғамдық кеңестердің сапалық құрамын орталық деңгейде де, өңірлік деңгейде де қайта қарау бойынша белсенді жұмыс жүргізуде.

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Е. Тоғжановтың 2022 жылғы 27 қаңтардағы қоғамдық кеңестер құрамын сапалы жаңарту туралы хаттамалық тапсырмасын орындау үшін орталық мемлекеттік органдарға, жергілікті мемлекеттік басқару органдарына сындарлы оппозиция өкілдерін, ҮЕҰ-ны, азаматтық белсенділерді, журналистерді, блогерлерді барынша тарту туралы Министрліктің ұсынымдары жіберілді.

Осылайша, жаңартылған құрамдардың мониторингі мемлекеттің бірқатар қоғамдық кеңестерге қатысуы барынша азайғанын көрсетеді, мысалы, Солтүстік Қазақстан облысының қоғамдық кеңестерінің құрамдары, Павлодар облысының 5 өңірі тек азаматтық қоғамнан тұрады.

Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Қоғамдық кеңесінің құрамында мемлекеттік органның қатысуы 8%-ды ғана құрайды, Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінде азаматтық қоғамның арақатынасы мемлекеттің арақатынасынан басым және ол 93% - ды құрады.

Қазіргі уақытта жаңадан құрылған қоғамдық кеңестердің сапалық құрамына мұқият мониторинг жүргізу жалғасуда, оның қорытындысы бойынша кеңестердің жаңа мүшелерін іріктеу процесінде орын алған кемшіліктерді жою үшін өңірлерге Министрліктің ұсынымдары жіберіледі.

Сонымен қатар, қоғамдық кеңестер жұмысының жариялылығын арттыру мақсатында олардың қызметінің қорытындыларын бұқаралық ақпарат құралдарында және әлеуметтік желілерде кеңінен жария ету жөнінде шаралар қабылдануда.

Министрлік Қоғамдық кеңестердің қызметін жария ету жөніндегі 2022 жылға арналған медиажоспарды бекітті, онда нақты орындаушылары мен мерзімдері көрсетілген іс-шаралар көзделген.

Бұдан басқа, Министрлік қоғамдық кеңестердің әлеуетін арттыру жөніндегі жұмысты жалғастыруда. Мәселен, наурызда орталық мемлекеттік органдардың, жергілікті өкілді органдардың және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қатысуымен құрылған Қоғамдық кеңестер мүшелерін тарта отырып, 3 семинар-тренинг өткізілді.

«Қоғамдық кеңестер институтын дамыту» гранттық қаржыландыру жобасы шеңберінде әртүрлі деңгейдегі қоғамдық кеңестер үшін 6 өңірлік оқыту семинары ұйымдастырылды.

Оң практика мен тәжірибе алмасу мақсатында республиканың қоғамдық кеңестерінің мүшелері Х Азаматтық форум шеңберінде ұйымдастырылған «Қазақстан Республикасының қоғамдық кеңестері: тәжірибе мен перспективалар» тақырыбында сараптамалық талқылауға белсене қатысты.

Бұдан басқа, 2022 жылғы 17 наурызда Қазақстандағы құқық үстемдігі бастамасы (USAID көмегімен) Заңгерлер қауымдастығымен бірлесе отырып, тәжірибе алмасу, стратегиялық жоспарлау және қоғамдық кеңестердің қызметін

жетілдіру бойынша интерактивті сессияларды енгізе отырып, қоғамдық кеңестер мүшелерінің әлеуетін күшейту бойынша тренинг өткізілді.

ҮЕҰ-ны гранттық қаржыландыру бойынша. Гранттық қаржыландыру саласындағы орын алған проблемаларды шешу үшін Министрлік қазіргі уақытта халықаралық тәжірибе негізінде азаматтық қоғам сарапшыларымен бірлесе отырып, гранттық қаржыландыру саласындағы заңнаманы жетілдіру бойынша жұмыс жүргізуде.

Гранттарды халықтың қажеттіліктеріне бағыттауға мүмкіндік беретін өзекті бағыттар бойынша пулдармен қалыптастыру арқылы **гранттарды жоспарлаудың жаңа форматын енгізу ұсынылады.** Бұл тетік халықаралық практикада кеңінен пайдаланылатын «төменнен жоғары» тәсілін енгізуге мүмкіндік береді және қоғамдық бастамалардың қазіргі кездегі күн тәртібіне икемделіп, жедел ден қоюды қамтамасыз етеді.

Сондай-ақ, **градуирленген гранттар жүйесін енгізу ұсынылады.** Гранттың түріне қарай қаржыландыру көлеміне, іске асыру мерзімдеріне, ҮЕҰ үшін конкурсқа қатысу шарттарына қойылатын әртүрлі талаптар, есептілікке қойылатын талаптар айқындалатын болады. Мұндай тәсіл гранттық қаржыландыру рәсімдерін жеңілдетуге мүмкіндік береді.

Бұл нормалар «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне волонтерлік қызмет, қайырымдылық, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс және үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы» заң жобасында көзделген, ол бүгінгі күні ҚР Мәжілісі депутаттарының қарауында жатыр. Жұмыс тобының 13 отырысы және заң жобасын бірінші оқылымы өткізілді.

Сонымен қатар, 2021 жылдан бастап грант беру процесінің ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында грант алушыларды айқындау жөніндегі сараптамалық комиссиялардың отырыстары гранттық қаржыландыру операторының сайтында және әлеуметтік желілерінде тікелей эфирде көрсетіледі. Сондай-ақ, сараптама комиссиясының мүшелері тікелей эфирде кездейсоқ әдіспен Сарапшылар тізіліміне енгізілген адамдар қатарынан қалыптастырылады.

ҮЕҰ-ға арналған сыйлықақы бойынша. Бүгінгі күні Министрлік үкіметтік емес ұйымдарға арналған сыйлықақылар беру қағидаларына өзгерістер енгізуде. Бұл өзгерістер ҮЕҰ-ның өтінімдеріне бағалау жүргізуге тартылатын сарапшылардың мүдделер қақтығысын болдырмау, сондай-ақ қарау өлшемшарттары, өтінімдер беру талаптары бойынша нормаларды нақтылау бөлігінде болады. Сонымен қатар, сыйлықақыға үміткерлердің өтінімдерін қарау үшін Министрліктің сайтында, әлеуметтік желілерінде хабарламау беру, мемлекеттік органдарға сұрау салулар жіберу, сарапшылардың өздері тарапынан бастама білдіру арқылы қалыптастырылатын тәуелсіз сарапшылар тартылады, бұл қазірдің өзінде осы процестің ашықтығын көрсетеді. Осыған байланысты Министрлік ҮЕҰ-ның өтінімдерін бағалауға қатысуға бастамашылық ететін сарапшылардың кандидатураларын қарау бойынша жұмыс жүргізіп жатқанын хабарлаймыз.

Рухани жаңғыру бойынша. «Рухани жаңғыру» қазақстандық қоғамдық даму институты (*бұдан әрі - Институт*) «Рухани жаңғыру» қазақстандық қоғамдық даму институты» коммерциялық емес акционерлік қоғамын құру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 23 сәуірдегі № 225 қаулысына сәйкес 100 % мөлшерінде «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы» (*бұдан әрі - «Жастар» ҒЗО*) жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жарғылық капиталына қатысудың мемлекеттік үлесін беру есебінен құрылды.

Жалпы Институт қоғамдық сананы жаңғырту мәселелерін, қоғамдық-саяси жағдайды талдауды, азаматтық қоғамдағы процестерді болжауды, мемлекеттік жастар мен отбасы саясатын іске асыруды әдістемелік қамтамасыз етуді егжей-тегжейлі зерттеумен айналысады.

Сонымен қатар, Институт ақпарат және қоғамдық даму саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру шеңберінде мемлекеттік тапсырмаларды орындайды, ұсынымдар мен ұсыныстарды әзірлеу үшін әлеуметтанушылық және сараптамалық сауалнамалар жүргізуді, қоғамды рухани-адамгершілік дамыту саласындағы істердің жай-күйі туралы талдамалық материалдар дайындауды жүзеге асырады.

«Жастар» ҒЗО-ның негізгі мақсаты жастардың дамуына жағдай жасау мақсатында мемлекеттік жастар саясаты институттарын ғылыми-талдамалық, ақпараттық және консультациялық қамтамасыз ету болып табылады.

Мемлекет басшысы 2021 жылғы 1 қыркүйектегі «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауында басты міндеттердің бірі жастарды жалпыадамзаттық құндылықтарға баулу болып табылатынын атап өтті. Институттың, «Жастар» ҒЗО-ның кеңейтілген құзыреттер саласын және ел дамуындағы басым бағыттарды іске асыратынын ескере отырып, еншілес ұйымдар қызметінің мәселесі қоғамның жаңа қазақстандық әлеуметтік моделін одан әрі қалыптастыруда стратегиялық маңызды болып табылады.

Бағдарламаны іске асыру шеңберінде ауқымды жұмыстар жүргізілуде, атап айтқанда, ұлттық бірегейлікті, ұлттың тарихы мен мәдениетін сақтауға және оларды тіл, тарих және мәдениет арқылы халықаралық деңгейде танымал етуге бағытталған жобалар іске асырылуда.

Ұлттық бірегейлікті сақтау мәселелерінде даланың ұлы тарихи қайраткерлерінің өмірін, мұрасын зерттеу және көпшілікке тарату мәселелері ерекше орын алады, өйткені Қазақстанда «Ұлы даланың ұлы есімдері» жобасы іске асырылуда.

Ұлы даланың этикалық құндылықтарын, оның фольклоры мен музыкасын сақтау және насихаттау, түркі мәдениетін, ежелгі өнері мен технологияларын танымал ету мәселелері «Дала фольклоры мен музыкасының мың жылы», «Түркі әлемінің генезисі» және «Ұлы Даланың ежелгі өнері мен технологиялар музейі» жобаларында көрініс тапты.

Массмедиа бұрынғыдай ақпараттық қызметтің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады, осыған байланысты телевидениені, әлеуметтік желілердің киноиндустриясын пайдалана отырып, қазақ халқы тарихының өркениеттік

үздіксіздігін дәріптеу және ашу «Кинодағы және телевидениядағы тарих» жобасының негізіне айналды.

Балаларға арналған қазақ тіліндегі контентті кеңейтуге ерекше көңіл бөлінеді. Осы бағытта мультипликациясы бар танымал балалар арналарын қазақ тіліне көшіру жобасы іске асырылуда. «Тіжі» (Франция) және «Nickelodeon» балалар телевизиялық арналарының өкілдерімен ынтымақтастық орнатылды.

Жалпы Бағдарламаның 6 негізгі бағыты шеңберінде жобаларды жария ету «Ruh.kz» порталының мультимедиялық алаңында бағытталған. Портал жұмысының негізгі аспектісі идеологиялық құндылықтарды ілгерілету болып табылады. Сайт контенті интеллектуалды, мәдени-рухани бағыттағы тақырыптар бойынша танымдық материалдарды қамтиды.

Ұлттық жаңғырту кезеңіне көшу жөніндегі 2022-2024 жылдарға арналған жол картасының және «Ұлттық рухани жаңғыру» ұлттық жобасының қабылдануын ескере отырып, «Рухани жаңғыру» бағдарламасы ұзақ мерзімді перспективаға бағдарланған.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасын тиімді іске асырудың негізгі шарты оны іске асыруға барлық мемлекеттік органдардың белсенді қатысуы болып табылады. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Е.Л. Тоғжановтың 2020 жылғы 10 маусымдағы № 21-4/570//20-32-45.3 тапсырмасы бойынша жаңа жобаларды толық ауқымды іске асыру және жаппай генерациялау, халықтың қызығушылығы мен тартылуын арттыратын арнайы жобаларды іске асырудың жаңа форматтарын дамыту мақсатында «Рухани жаңғыру» өңірлік жобалық кеңселері (*бұдан әрі – ӨЖК*) құрылды.

Бүгінгі күні ӨЖК-лер әртүрлі ұйымдық-құқықтық нысандарда (ЖШС және КМУ) жұмыс істейді, жергілікті бюджеттен қаржыландырылады және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың әкімдіктеріне тікелей бағынады. Тиісінше Бағдарлама шеңберінде қаражатты мақсатты іске асыру жергілікті атқарушы органдардың құзыретіне жатады.

Жоғарыда айтылғанның негізінде, Министрлік тұрақты негізде қоғамдық сананы жаңғырту, азаматтық қоғаммен, оның ішінде қоғамдық кеңестермен өзара іс-қимыл саласында үйлестіруді және әдістемелік басшылық жасауды жүзеге асырады.

Министр

А. Омаров



010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Министрліктер үйі,
Мәңгілік ел даңғылы, 8 үй, 14 - кіреберіс
тел.: 8 (7172) 74-13-12
e-mail: k.kense@qogam.gov.kz

010000, город Нур-Султан, Дом Министерств
проспект Мәңгілік Ел, 8, 14 подъезд
тел.: 8 (7172) 74-13-12
e-mail: k.kense@qogam.gov.kz

№ _____

**Мажилис Парламента
Республики Казахстан
Фракция НПК**

*На ваше письмо № ДЗ-72
от 2 марта 2022 года*

Министерство информации и общественного развития Республики Казахстан, рассмотрев Ваш депутатский вопрос в пределах своей компетенции сообщает следующее.

По общественным советам. Общественные советы функционируют в республике начиная с 2016 года в качестве института взаимодействия государства и общества, которые состоят из пропорционального соотношения представительств государственных органов (*не более 30%*) и гражданского сектора (*не менее 70%*).

За этот период общественными советами ежегодно заслушаны отчеты более 200-и акимов различных уровней, 20-ти руководителей центральных и около 200 местных государственных органов. Проведено более 1000 исследований общественного мониторинга за рассмотрением общественно значимых вопросов соответствующей сферы или региона.

На общественных слушаниях общественных советов обсуждены около 3000-х вопросов водоснабжения, ЖКХ, вопросов медицины, образования, социальной сферы. Членами общественных советов рассмотрено более 20 тысяч проектов нормативных правовых актов.

Вместе с тем, несмотря на положительные результаты итогов шестилетней деятельности, анализ работы общественных советов показывает, что общественные советы не в полной мере смогли стать эффективным инструментом общественного контроля и учета мнения населения при принятии государственных решений.

Деятельность общественных советов, а также их качественный состав нередко вызывает недовольство у граждан, зачастую работа общественных советов имеет формальный характер, что приводит к их малоэффективности и непрозрачности.

В целях повышения доверия населения к деятельности общественных советов, в настоящее время Министерством принимаются необходимые меры по улучшению их деятельности.

В связи с завершением срока полномочий второго состава общественных советов, Министерством активно ведется работа по пересмотру качественного состава общественных советов как и на центральном уровне, так и на региональном уровне.

Во исполнение протокольного поручения Заместителя Премьер-Министра Республики Казахстан Е. Тугжанова от 27 января 2022 года о качественном обновлении составов общественных советов, центральным государственным органам, органам местного государственного управления направлены рекомендации Министерства о максимальном привлечении представителей конструктивной оппозиции, НПО, гражданских активистов, журналистов, блогеров.

Тем самым, мониторинг обновленных составов показывает, что участие государства в ряде общественных советов минимизируются, так к примеру, составы общественных советов Северо-Казахстанской, 5 регионов Павлодарской области состоят только из гражданского общества.

В составах Общественного совета Министерства цифрового развития, инновации и аэрокосмической промышленности участие госоргана составляет всего 8%, в Министерстве Экологии, геологии и природных ресурсов соотношение гражданского общества преобладает чем соотношение государства и составило 93%.

В настоящее время продолжается проведение тщательного мониторинга качественного состава вновь созданных общественных советов, по итогам которых в регионы направляются рекомендации Министерства для устранения имеющихся недостатков в процессе отбора новых членов советов.

Вместе с тем, в целях повышения публичности работы общественных советов предпринимаются меры по широкому освещению их итогов деятельности в средствах массовой информации и социальных сетях.

Так, Министерством утвержден Медиа-план по освещению деятельности общественных советов на 2022 год, где предусмотрены мероприятия с конкретно указанными исполнителями и сроками.

Помимо этого, Министерством продолжается работа по повышению потенциала общественных советов. Так, в марте месяце проведены 3 семинара-тренинга с привлечением членов общественных советов, созданных с участием центральных государственных органов, местных представительных органов и субъектов квазигоссектора.

В рамках проекта грантового финансирования «Развитие института общественных советов» организованы 6 региональных обучающих семинаров для общественных советов различного уровня.

В целях обмена положительной практикой и опытом, члены общественных советов республики приняли активное участие в экспертном обсуждении, организованного в рамках X Гражданского форума на тему: «Общественные советы Республики Казахстан: опыт и перспективы».

Кроме того, 17 марта 2022 года совместно с Ассоциацией юристов Инициатива верховенства права в Казахстане (при содействии USAID) был проведен тренинг по усилению потенциала членов общественных советов с включением интерактивных сессий по обмену опытом, стратегическому планированию и совершенствованию деятельности общественных советов.

По грантовому финансированию НПО. Для решения имеющихся проблем в сфере грантового финансирования в настоящее время на основе международного опыта Министерством совместно с экспертами гражданского общества ведется работа по совершенствованию законодательства в сфере грантового финансирования.

Предлагается **внедрение нового формата планирования грантов** через формирование пулами по актуальным направлениям, который позволит ориентировать гранты на потребности населения. Данный механизм позволит внедрить подход «снизу-вверх», широко используемый в международной практике, и обеспечит гибкость и оперативное реагирование на имеющуюся повестку общественных инициатив.

Также, **предлагается внедрение системы градуированных грантов.** В зависимости от вида гранта будут определены различные требования к объему финансирования, срокам реализации, условиям участия в конкурсе для НПО, требования к отчетности. Такой подход позволит упростить процедуры грантового финансирования.

Данные нормы предусмотрены в проекте Закона «О проекте Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам волонтерской деятельности, благотворительности, государственного социального заказа и грантов для неправительственных организаций», который на сегодняшний день находится на рассмотрении депутатов Мажилиса РК. Проведены 13 заседаний рабочей группы и первое чтение законопроекта.

Вместе с тем, с 2021 года в целях обеспечения прозрачности и открытости процесса предоставления грантов заседания экспертных комиссий по определению грантополучателей транслируется в прямом эфире на сайте и в социальных сетях Оператора грантового финансирования. Также, члены экспертной комиссии формируются в прямом эфире случайным методом из числа лиц, включенных в Реестр экспертов.

Касательно премий для НПО. На сегодняшний день Министерством вносятся изменения в Правила предоставления премий для неправительственных организаций. Данные изменения будут в части исключения конфликта интересов экспертов, привлекаемых к проведению оценки заявок НПО, а также детализации норм по критериям рассмотрения, требованиям подачи заявок. Наряду с этим, для рассмотрения заявок претендентов на премию, привлекаются независимые эксперты, формируемые посредством подачи объявления на сайте, социальных сетях Министерства, направления запросов в государственные органы, проявления инициативы со стороны самих экспертов, что уже демонстрирует открытость данного процесса. В этой связи сообщаем, что Министерством проводится работа по

рассмотрению кандидатур экспертов, иницирующих принять участие в оценке заявок НПО.

По Рухани жаңғыру. Казахстанский институт общественного развития «Рухани жаңғыру» (далее – *Институт*) создан в соответствии Постановлением Правительства Республики Казахстан от 23 апреля 2019 года № 225 за счет передачи государственной доли участия в уставном капитале товарищества с ограниченной ответственностью «Научно-исследовательский центр «Молодежь» (далее – *НИЦ «Молодежь»*) в размере 100 %.

В целом, Институт занимается детальным исследованием вопросов модернизации общественного сознания, анализа общественно-политической обстановки, прогнозирования процессов в гражданском обществе, методического обеспечения реализации государственной молодежной и семейной политики.

Кроме того Институт выполняет государственные задания в рамках формирования государственной политики в области информации и общественного развития, осуществляет проведение социологических и экспертных опросов для выработки рекомендаций и предложений, подготовку аналитических материалов о состоянии дел в сфере духовно-нравственного развития общества.

Основной целью НИЦ «Молодежь» является научно-аналитическое, информационное и консультационное обеспечение институтов государственной молодежной политики, в целях создания условий для развития молодежи.

Глава государства в Послании народу Казахстана «Единство народа и системное реформы – прочная основа процветания страны» от 1 сентября 2021 года отметил, что одной из главных задач является привитие молодежи общечеловеческих ценностей. Учитывая расширенную сферу компетенций и Института, НИЦ «Молодежь» и реализации приоритетных направлений в развитии страны, вопрос деятельности дочерних организаций является стратегически важным в дальнейшем формировании новой казахстанской социальной модели общества.

В рамках реализации Программы проводится большая работа, в частности реализуются проекты, направленные на сохранение национальной идентичности, истории и культуры нации и популяризации их на международном уровне через язык, историю и культуру.

Особое место в вопросах сохранения национальной идентичности занимают вопросы изучения и популяризации жизни, наследия великих исторических деятелей Степи, так в Казахстане реализуется проект «Великие имена великой степи».

Вопросы сохранения и пропаганды этических ценностей Великой степи, его фольклора и музыки, популяризация тюркской культуры, древнего искусства и технологий нашли отражение в проектах «Тысяча лет степного фольклора и музыки», «Генезис тюркского мира» и «Музей древнего искусства и технологий Великой степи».

Важным компонентом информационной деятельности по-прежнему выступают массмедиа, в этой связи популяризация и раскрытие цивилизационной непрерывности истории казахского народа с использованием телевидения, киноиндустрии социальных сетей легло в основу проекта «История в кино и на телевидении».

Особое внимание уделяется расширению контента для детей на казахском языке. В данном направлении реализуется проект по переводу на казахский язык популярных детских каналов с мультипликацией. Установлено сотрудничество с представителями детских телевизионных каналов «TiJi» (Франция) и «Nickelodeon».

В целом, освещение проектов в рамках 6 основных направлений Программы ориентирована на мультимедийной площадке портала «Ruh.kz». Ключевым аспектом работы портала является продвижение идеологических ценностей. Контент сайта содержит познавательные материалы по темам интеллектуальной, культурно-духовной направленности.

С учетом принятия Дорожной карты по переходу на период национальной модернизации на 2022–2024 годы и Национального проекта «Ұлттық рухани жаңғыру». Программа «Рухани жаңғыру» ориентирована на долгосрочную перспективу.

Ключевым условием эффективной реализации Программы является активное участие всех государственных органов в ее реализации. В целях полномасштабной реализации и повсеместной генерации новых проектов, развития новых форматов реализации спецпроектов, повышающих интерес и вовлеченность населения, по поручению заместителя Премьер-Министра Республики Казахстан Е. Тугжанова от 10 июня 2020 года № 21-4/570//20-32-45.3 созданы региональные проектные офисы «Рухани жаңғыру» (*далее – РПО*).

На сегодняшний день РПО функционируют в различных организационно-правовых формах (ТОО и КГУ), финансируются из местного бюджета и непосредственно подчиняются акиматам областей, городов республиканского значения. Соответственно целевая реализация средств в рамках Программы находится в компетенции местных исполнительных органов.

На основании изложенного отмечаем, что Министерство на постоянной основе осуществляет координацию и методическое руководство в сфере модернизации общественного сознания, взаимодействия с гражданским обществом, в том числе с общественными советами.

Министр

А. Омаров